

**V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXV сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігін белгілеу туралы" 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 210 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIV сессиясының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 177 шешімі. Алматы қаласы әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 1433 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 224 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.04.2018 № 224 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXV сессиясының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 210 "Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігін белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1038 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 мамырда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасындағы:

әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігі мен мөлшерінде:

2 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

2	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні	Бір жолғы	Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар	550,0 мың
---	--	-----------	---	-----------

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының еңбек, жұмыспен қамту және көлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Р.К. Бадаеваға жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
XXIV сессиясының төрағасы*

*М. Әзірбаев*

*VI сайланған  
Алматы қаласы  
мәслихатының хатшысы*

*Қ. Қазанбаев*